

«БЕКІТЕМІН»

«AULIEATA-MEDIA» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры

Д.Асқарұлы

2024ж.



**«AULIEATA-MEDIA» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты**

1. Жалпы қағидалар

1.1. Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» туралы Қазақстан Республикасы заңының 10 бабына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленді және қоғамдық қатынастардың келесі «AULIEATA-MEDIA» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде (*бұдан әрі - Серіктестік*) тыйым салу, шектеу және рұқсат беру жүйесін білдіреді.

1.2. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың міндеттері:

1) Лауазымдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде Серіктестіктің қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқын және жауапкершілігін қалыптастыру;

2) Сыбайлас жемқорлық көріністерін уақытылы анықтау және жағымсыз салдардың алдын алу;

3) Серіктестік қызметінің тиімділігін арттыру;

1.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың қағидалары:

1) заңдылық;

2) ашықтық;

3) әдептілік;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;

5) мүдделер қақтығысын болдырмау.

1.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қолдану және орындау:

1) аталған стандартты Серіктестіктің қызметкерлері өз қызметін жүзеге асыру кезінде қолданады;

2) Серіктестіктің барлық қызметкерлері орындау үшін міндетті.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттар

2.1. Серіктестік қызметкерлері өз қызметін жүзеге асыру кезінде мынадай ережелерді сақтауға міндетті:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» туралы Қазақстан Республикасы заңын және

Қазақстан Республикасының өзге де заңнамаларының талаптарын мүлтіксіз сақтауға;

2) Серіктестіктің сауда-саттыққа қатысу кезінде мүдделер қақтығысына жол бермеуге, олар туындаған кезде "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес оларды жою жөнінде шаралар қабылдауға;

3) өзіне немесе үшінші тұлғаларға пайда табу мақсатында қызметтік жағдайын пайдаланбау;

4) сауда-саттыққа қатысу кезінде Қазақстан Республикасының заңдарында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қылмыстық, әкімшілік, азаматтық-құқықтық, тәртіптік және шарттық жауапкершілік көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеуге.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер

3.1. Серіктестік қызметкерлерінің өз өкілеттерін жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануға әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттер жасауына жол бермеу мақсатында Серіктестік қызметкерлері өздеріне Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдайды:

1) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе алу мақсатында ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтік өкілеттерін орындауға байланысты сыйлықтар қабылдау;

3) қызметтік міндеттерді орындау кезінде мүдделер қақтығысының, жеке бас мүддесінің туындағаны туралы, сыбайлас жемқорлық әрекетіне және сыйлық алуға итермелеу туралы тікелей немесе өз басшысына жеткізу;

4) лауазымдық міндеттерді орындау кезінде жеке және пайда күнемдік мүдделерді басшылыққа алмау;

5) әріптестерге, басшыларға және өзге де лауазымды тұлғаларға сыйлықтар жасамау және лауазымдық өкілеттерді пайдалана отырып, мүліктік пайда, игіліктер не артықшылықтар алу үшін қызметтік емес қызметтер көрсетпеу;

6) басқа тұлғаларды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға келдірмеу және ынталандырмау;

7) лауазымдық өкілеттілігін орындауға байланысты сыйлықтар қабылдамау;

8) егер лауазым жақын туыстық (ата-анасы, жұбайы, аға-інілері, апасы-інілері, балалары) қатынастарда тұрған адамдарға тікелей бағыныстылыққа немесе олардың бақылауына байланысты болса, оны тағайындаудан бас тарту;

9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру;

10) тікелей басшыға мүдделер қақтығысының туындауы, лауазымдық міндеттерін орындау кезінде жеке мүдделілік, сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына көндіру және сыйлықтар алу туралы баяндау;

11) әріптестерден жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа мәдениетті сақтауды қолдау және талап ету;

12) мүдделер қақтығысының, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылардың туындау себептері мен жағдайларын және олардың салдарын жою жөнінде тұрақты негізде шаралар қабылдау;

13) үшінші тұлғалардың мүдделерін білдіруден немесе қамқорлық жасаудан, сондай-ақ олардың атынан іс-әрекеттер жасаудан аулақ болу;

14) табыс алуға байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда біреуге жәрдем көрсетуден бас тарту.

4. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүргізу

4.1. Лауазымды тұлғаларға тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік сатып алуды іске асыру кезінде:

1) мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланатын ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау;

2) «Мемлекеттік сатып алу» Қазақстан Республикасы заңында көзделген жағдайларды қоспағанда мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін әлеуетті жеткізушілерге тең мүмкіндіктер ұсыну;

3) әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестікті қамтамасыз ету;

4) мемлекеттік сатып алу үрдісінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету;

5) сыбайлас жемқорлық фактілері белгілі болғаны туралы, сондай-ақ қандай да бір материалдарды қарауды жылдамдатқаны үшін пайда көруге итермелегені немесе әуре-сараңға салғаны туралы басшылыққа жедел жеткізу;

6) отандық тауар өндірушілерге, сондай-ақ жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық берушілерге Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келмейтіндей шамада қолдау көрсету.

5. Кадрларды іріктеу, орналастыру және персоналды басқару

5.1. Серіктестіктің қызметкерлерін таңдау мен орналастыру бойынша кадр жұмысын қйымдастыру кезінде:

1) кадрларды туыстық, жерлестік және жеке адалдық белгілері бойынша іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеу;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасының талаптарын сақтау;

3) қызметкерлердің дербес деректері туралы мәліметтерді негізсіз беруге жол бермеу;

4) қызметкерлер арасында еңбек жүктемесінің біркелкі бөлінбеуіне жол бермеу;

5) нақты орындалмайтын немесе олардың лауазымдық міндеттерінен тыс, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін өкімдер бермеу;

6) қарамағындағыларды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеу;

7) бір бөлімше қызметкерлерінің өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау барысында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу бойынша толық шараларды уақытылы қабылдау;

8) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша кешенді шаралар қабылдау;

9) жұмысқа қабылдау кезінде қызметкерге қойылатын негізгі міндеттерді, тыйымдар мен шектеулерді түсіндіру;

10) сылайбас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, оның ішінде қарамағындағылармен бірге жою.

6. Жауапкершілік

6.1. Серіктестік қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қылмыстық, әкімшілік, азаматтық-құқықтық, тәртіптік және шарттық жауаптылықта болады.